

**Жамбыл облысы бойынша 2006 жылға арналған қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкалары туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облыстық мәслихатының 2006 жылғы 28 шілдедегі N 18-5 шешімі. Жамбыл облыстық әділет Департаментінде 2006 жылғы 01 қыркүйекте 1647 нөмірімен тіркелді. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Шешімінің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабындағы 5 тармағына, Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"» Кодексінің 462-бабына, Қазақстан Республикасы "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 10-бабындағы 1 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 109-ө "Қоршаған ортаны ластағаны үшін 2006 жылға арналған төлемдердің базалық ставкаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 4187 болып тіркелген бұйрығының негізінде облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысы бойынша 2006 жылға арналған қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Үшінші шақырылған облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 15 желтоқсандағы N 12-6 "2006 жылға арналған қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем (ставкалар) нормативтері туралы» шешімінің (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 1632 болып тіркелген, 2006 жылдың 5 қаңтарында "Ақ жол" және "Знамя труда" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

*Облыстық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

Жамбыл облыстық мәслихатының  
2006 жылғы 28» шілдедегі  
18-5 шешіміне қосымша

**Жамбыл облысы бойынша 2006 жылға арналған  
қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкалары**

теңге

р/с №	Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	Уыттылық сыныбы	Ставкалар
1	Тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары	шартты тонна		394
2	Жылжымалы көздерден атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары:	тонна		165
	этилденбеген бензин үшін;	тонна		
	дизель отыны үшін;	тонна		
	сұйытылған газ үшін;	тонна		
	сығындалған газ үшін.	тонна		
3	Қоршаған ортаға ластаушы заттардың төгінділері:			
	су объектілеріне;	шартты тонна		7857
	экрандалған жинауыштарға;	шартты тонна		3928
	экрандалмаған жинауыштарға;	шартты тонна		5612
	сүзілу алаңдарына;	шартты тонна		1033
	суармалы егіс танабы.	шартты тонна		5612
4	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, рұқсат етілген үйінділерде және арнаулы орындарда орналастыру	тонна	V	120
		тонна	IV	240
		тонна	III	480
		тонна	II	1920
		тонна	I	3840
5	Аршынды жыныстар	тонна	V	3,6
6	Ауылшаруашылық өндірісінің қалдықтары (ки, құс саңғырығы) (1 тонна үшін)	тонна		9,2
7	Сынабы бар пайдаланудан шыққан шамдар	дана	I	969

**Е с к е р т у :**

2006 жылға арналған қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2008 жылдарға арналған (екінші кезең) орта мерзімді жоспары туралы" N 884 қаулысына сәйкес 107,0 пайызды құрайтын 2005 жылғы төлем ставкаларының тұтыну бағасының индексіне түзету енгізу жолымен Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны

қорғау министрлігінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 02-1-2 6/2565-и нұсқауы  
б о й ы н ш а б е л г і л е н г е н .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК